



"Саяси партиялар туралы" Заңның Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкестілігін тексеру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 6 қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға Ю.А.Хитрин, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, С.Ф.Бычкова, А.Есенжанов, А.К.Котов және Қ.Ә.Омарханов қатысқан құрамда, мыналардың:

Мемлекет басшысының өкілі - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Мемлекеттік-құқық бөлімі меңгерушісінің бірінші орынбасары Т.С.Донақовтың;

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Е.Ж.Жұмабаев пен Р.Қ.Сәрпековтің;

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі В.К.Фоостың;

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары А.Қ.Дауылбаевтың; әділет бірінші вице-министрі Б.Ғ.Рахымбековтің, Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі комитеті төрағасының орынбасары Е.Ә.Сапаровтың;

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Ішкі саясат департаменті директорының орынбасары С.Ә.Қожкеновтің қатысуымен, өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Президентінің "Саяси партиялар туралы" Заңның Қазақстан Республикасы Конституциясына К951000_ сәйкестілігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Қазақстан Республикасының Парламенті Палаталары, Үкіметі, Орталық сайлау комиссиясы және Бас прокуратурасы берген құжаттарды, сондай-ақ конституциялық іс жүргізудің өзге де материалдарын зерделеп, баяндамашыны - Конституциялық Кеңестің мүшесі А.К.Котовты, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны

А Н Ы Қ Т А Д Ы :

"Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын Қазақстан Республикасының Парламенті 2002 жылғы 26 маусымда қабылдап, 2002 жылғы 2 шілдеде Қазақстан Республикасы Президентінің қол қоюына ұсынды.

Конституцияның К951000_ 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына сәйкес мемлекет басшысы Конституциялық Кеңеске жоғарыда аталған Заңның конституциялылығын тексеру туралы өтініш жолдады.

"Саяси партиялар туралы" Заңды Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестігі мәнінде қарай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

м ы н а н ы

е с к е р д і .

Конституцияның К951000_ 12-бабы 1-тармағы, Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі деп белгілейді. Конституцияның 23-бабы 1) тармақшасына сай, Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығы бар, бұл бірлестіктердің қызметі заңмен реттеледі. "Саяси партиялар туралы" Заңның 3-бабы 1-тармағында бекітілетін, Қазақстан Республикасы азаматтарының саяси партияларға еркін бірігу құқығы, Қазақстан Республикасында идеологиялық және саяси әр алуандылық танылатындығы туралы Конституция жалпы ережелерінің 5-бабы 1-тармағынан туындайды. Демек, азаматтардың саяси партияларға еркін бірігу құқығы олардың бірлесу бостандығы құқығына сәйкес келеді, бұл бірлестіктердің ерекше түрлері жекелеген заңдармен реттелуі мүмкін.

Саяси партияларға еркін бірігу құқығы - ұжымдық құқық, оны Республика азаматтары бірлесіп және олардың әрбірінің жеке таңдауы бойынша іске асырады. Ол абсолютті болып табылмайды және заң шығару арқылы шарттастырылуы мүмкін. Мемлекет, саяси партиялардың, оның ішінде заңды тұлғалар ретінде, құқықтары мен заңды мүдделері сақталуын қамтамасыз ете отырып, сонымен бір мезгілде олардың құрылу және қызмет істеу жағдайлары мен тәртібін заң арқылы белгілеуге хақылы, бұл адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы халықаралық стандарттарға жауап б е р е д і .

"Саяси партиялар туралы" Заңның 5-бабы 8-тармағында, "азаматтардың кәсіби, нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға, сондай-ақ мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында саяси партиялардың бастауыш партия ұйымдарын құруға жол берілмейді", - деп белгіленген. Заңның бұл ережесі Конституцияның әлеуметтік теңдік, қоғамдық келісім және Республиканың тұтастығы туралы жалпы ережелерімен келіседі, мемлекет пен қоғамдық бірлестіктердің өзара қарым-қатынастарының конституциялық негіздеріне сәйкес келеді. Конституцияның К951000_ 5-бабы 1-тармағына сай, Республикада мемлекеттік органдарда саяси партиялардың ұйымдарын құруға жол берілмейді.

Конституциялық Кеңес Заңның 4-бабы 6-тармағының, "саяси партиялардың тұрақты жұмыс істейтін органдарында қызмет атқаратын адамдарға Қазақстан Республикасының еңбек, әлеуметтік қорғау және әлеуметтік сақтандыру туралы заңдары қолданылады", деген ережесіне назар аударады.

Саяси партиялардың қызметіне қатысу да, саяси партиялар қызметінің өзі де Конституциямен К951000_ кепілдік берілген адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға тиіс. Дәл сол сияқты, кез-келген саяси партияға мүше болу Республика азаматының конституциялық міндеттерін атқарудан босатпайды. Өз міндеттерін атқару кезінде мемлекеттік қызметкерлер мен депутаттар саяси партиялар мен олардың органдары шешімдеріне тәуелді болмайды.

Конституциялық Кеңес "Саяси партиялар туралы" Заңның 10-бабы 6-тармағының нормасын талдай келе, оның саяси партияны мемлекеттік тіркеудің шарты түрінде сан өлшемін белгілейтініне назар аударады. Саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін, делінген Заңда, оның құрамында "партияның Қазақстан Республикасының барлық облыстарындағы, республикалық маңызы бар қала мен астанадағы әрқайсысында кемінде жеті жүз партия мүшесі бар құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдары мен өкілдіктерінің) атынан өкілдік ететін кем дегенде елу мың партия мүшесі болуға тиіс". Қазақстанда саяси партиялар құру және олардың қызмет істеуі үшін бұл тіркеу және өзге де сан өлшемдері, атап айтқанда, "Саяси партиялар туралы" Заңның 6-бабы 1 және 3-тармақтарымен белгіленген өлшемдер, конституциялық реттеу нысаны болып табылмайды. Ол жөніндегі мәселелер, тұтас алғанда, заңды және жеке тұлғалардың құқықтық субъектілігінің түбегейлі принциптері мен нормаларын анықтау сияқты, Конституцияның К951000_ 61-бабы 3-тармағымен заңдар арқылы реттеу деңгейіне ж а т қ ы з ы л ғ а н .

Өзге елдердің партиялар туралы заңнамасында мұндай өлшемдердің бар болуы, мемлекеттің, саяси партияларға сайлау процесіне қатысу және парламенттерде бара-барлық өкілдік ету құқығын бере отырып, сонымен бір мезгілде оларға қажетті талаптар қоятындығымен айқындалады, бұл талаптар саяси партияның қоғамда елеулі қолдауға ие екендігін айғақтап, сонымен бір мезгілде партиялық жүйенің әлеуметтік шарттастырылмай жіктелуін тежеген болар еді.

"Саяси партиялар туралы" Заңның 10-бабы 6-тармағының және 6-бабы 1 және 3-тармақтарының талаптары жаңадан құрылып (қайта тіркеліп) жатқан барлық саяси партиялар үшін жалпыға бірдей және олар үшін тең дәрежеде міндетті болып табылады . Саяси партияны мемлекеттік тіркеуден заңды негізде ғана бас тартуға және оған сотқа ш а ғ ы м д а н у ғ а б о л а д ы .

"Саяси партиялар туралы" бұл Заң өлшемдерінің сандық көрсеткіштеріне келер болсақ, олардың абсолюттік түрлерін орайлас айқындау мен белгілеу Республика Парламентінің құзырына қарайтынын және оның заң шығарушылық қарауы аясында екенін атап өту қажет. Сонымен бірге Кеңес, партиялар туралы шетел заңнамасында саяси партияларды мемлекеттік тіркеу үшін, олардың сан мөлшеріне қойылатын, қаралып отырған "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 6-тармағымен көзделген сандық талаптардан анағұрлым жоғары талаптардың бар б о л у ы н а т а й д ы .

Заңның 14-бабы 5-тармағының б) тармақшасы, "саяси партияның Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауына қатарынан екі рет қатыспауын" соттың шешімі бойынша саяси партияның таратылуына негіз ретінде көздейді. Конституциялық Кеңес оны Конституцияның К951000_ жалпы ережелері мен нормаларына қайшы деп таппайды және де, Заңның 14-бабы 5-тармағының б) тармақшасы қоғам мен оның барлық жіктері үшін, олардың саяси мүддесін білдіруге

үміткер партиялардың саяси қызметі тұрақты және белсенді болуына кепілдік жасауды өзіне мақсат етіп қояды деп есептейді. Партиялар туралы заңнамадағы мұндай нормалар қоғамдағы шын мәніндегі плюрализмді қорғайды және ынталандырады деп т а н ы л а д ы .

Заңның 21-бабында көзделген, бұрын құрылған саяси партияларды мемлекеттік қайта тіркеу, Конституциялық Кеңестің пікірінше, оларды құрудың және қызметінің тәртібін, барлық саяси партиялар үшін міндетті жаңа Заңның талаптарына сәйкес келтіруге б а ғ ы т т а л ғ а н .

Қайта тіркеу туралы бұл норма қызмет істеп жүрген барлық саяси партияларға қатысты қолданылады, яғни олардың заң алдындағы теңдігі принципі сақталады. Бұрын құрылған және жаңадан құрылатын партиялар осы Заң арқылы тең құқықтық жағдайға қ о й ы л а д ы .

Осылайша, "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін Конституцияға К951000_ сәйкестігі мәнінде қарау, депутаттардың бастамасы бойынша Парламент 2002 жылғы 26 маусымда қабылдаған бұл Заңның Конституцияның ережелері мен нормаларына қайшы келмейтінін көрсетті.

Заң, саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің өзге де түрлерінің арасында елеулі айырмашылық бар деп танылуын ескере отырып, Конституцияның 23-бабында баянды етілген азаматтардың бірлесу бостандығына құқығын толықтырады. Саяси партиялардың құрылуы мен қызметі тәртібін және жағдайларын заңдық реттеуді мамандандыру, олардың жария-құқықтық мәртебесін белгілеу қазіргі заманғы конституционализмнің жалпы үрдісі болып табылады.

Ескерту. Дәлелдеу бөлігіне өзгеріс енгізілді - ҚР Конституциялық Кеңесінің 2011.04.27 № 4 нормативтік қаулысымен.

Баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 72-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" U952737_ конституциялық заң күші бар Жарлығының 17-бабы 2-тармағының 1) тармақшасын, 31, 32, 33, 37, 38 және 39-баптарын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. "Саяси партиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000_ 74-бабы 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабы 4-тармағымен көзделген жағдайды ескеріп, түпкілікті болып табылады.

3. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК